

Оқушылардың психологиялық жағдайын анықтау.

Сынып: 8А, 8Ә

Қолданылған әдістер:

1. Люшер-Лутошкиннің түстер бойынша эмоционалды өрістің жай-күйін анықтау.
2. Психогеометриялық тест.
3. Оқу мотивациясының көрсеткішін анықтау.
4. «Мен қандаймын?» өзін-өзі бағалау (психодиагностика) әдістемесі.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

<i>Фигура</i>	<i>Жағымды</i>	<i>Жағымсыз</i>
<i>Тіктөртбұрыш</i>	<ul style="list-style-type: none"> * Белсенді, қызба * Ізденгіш * Білімқұмар * Жаңалықты тез қабылдағыш * Артық шамданбайтын * Батыл 	<ul style="list-style-type: none"> * Қысылып сасқалақтаған кезде, абыржитын * Тиянақсыз, тұрақсыз * Анқау, көнгіш * Эмоционалды түрде тұрақсыз * Өзін - өзі бағалауы төмен деңгейде * Аңсыз, аңдаусыз адам

<i>Фигура</i>	<i>Жағымды</i>	<i>Жағымсыз</i>
<i>Үшбұрыш</i>	<ul style="list-style-type: none"> * Өз соңынан ертер, топбосшы * Жауапкершілікті өзіне қабылдайды * Батыл * Мақсатқа жетуге жинақталған * Істің мәніне бағытталған * Жеңісті көздеген бәсекешіл * Өзін - өзі сенімді * Намысшыл * Жігерлі 	<ul style="list-style-type: none"> * Өзімшіл * Үзілді- кесілді, қарсы сөзді кешірмейтін * Өзгенің сөзін бөлетін, шыдамсыз * Арам, зұлым * Менмен * Атақ құмар * Ұстамсыз

<i>Фигура</i>	<i>Жағымды</i>	<i>Жағымсыз</i>
<i>Шаршы</i> (зерделі)	<ul style="list-style-type: none"> * Мұқият, жинақы * Ұсақ – түйекке ұқыпты * Еңбексүйгіш * Орынды, саналы * Мағлұматты, білімді * Табанды, өжет * Шешімдерге берік * Шыдамды 	<ul style="list-style-type: none"> * Педант (әріпшіл), яғни ұсақшыл, қазымыр * Астындағы атын алты ай іздейді * Еңбекқор * Адам жатырқайтын, салқын * Тым сақтанғыш * Қиялы онша үлкен емес * Қырсық, кертартпа, қарсыласқыш * Аңысын аңдыған, шешім қабылдап болмайтын

	* Ұқыпты	
--	----------	--

<i>Фигура</i>	<i>Жазымды</i>	<i>Жазымсыз</i>
<i>Зигзаг</i>	<ul style="list-style-type: none"> * Өмірге деген творчестволық көзқараста болуы * Теориялық тұрғыда ұстануы * Болашаққа бағытталған, арманшыл * Интуициялы * Сөз тапқыш, өткір тілді * Мәнерлі, бейнелі * Турашыл * Жаңашылдыққа ұмтылған * Шаттанғыш, жанданған 	<ul style="list-style-type: none"> * Ұйымдаспағандық, жинақы емес кұнтсыз * Нақсыз * Қисынсыз ойлайтын, тиянақсыз * Қара басын ойлайтын * Ұстамсыз, тіке, қарым – қатынасы және мінез – құлқы құбылмалы * Аңқау

<i>Фигура</i>	<i>Жазымды</i>	<i>Жазымсыз</i>
<i>Шеңбер</i>	<ul style="list-style-type: none"> * Жылы шырайлы, тілектес, жақсылық тілеуші * Ақкөңіл * Қамқоршы, қолғабыс беруші, жан қияр, берілген * Жаны ашығыш * Кең пейілді * Мырза, жомарт, қолы ашық * Өзгелерді сендіруге қабілетті * Сенгіш * Сабырлы, байыпты * Рефлексивті (сана – сезімге қабілетті) * Дау – жанжалды жақтырмайды 	<ul style="list-style-type: none"> * Талап етпеуші, біреуге көнгіш * Шалағай, бейқам, салақ * Жабысқақ мінезді, жалықтырғыш * Мылжың, өсек айтқанды ұнатқыш * Өзін - өзі кінәлауға қабілетті * Ысырапшыл * Өзгелердің сезімде ойнағыш * Көнгіш * Жалқау * Жетістікке жетуге онша ұмтылмайтын * Жасқаншақ, тартыншақ * Әлсіз "саясаткер"

Эмоционалды өрістің жай-күйін анықтау. Түстерді анықтау. (Люшер-Лутошкин бойынша)

Қызыл түс. Күшті эмоциялар: махаббат, жек көру, ашу, қорқыныш.

Сәбіз реңді түс. Тынышталу. Ішкі тепе-теңдік.

Сары түс. Тұрақсыз көңіл. Өзінің көңіл-күйін баршаға білдіру сезімі.

Қызықты және күлкілі оқиғаларды еске түсіру.

Жасыл түс. Сағыныш сезімі. Немқұрайлық. Зерігу.

Көгілдір түс. Жеңіл қайғы. Армандау. Аутизм.

Көк түс. Түсініксіз қайғы. Мазасыздану. Тынышсыздану. Ұйқысыз түн.

Күлгін түс. Қатерге бас тігу. Құпиялық. Біреуді алдау сезімі.

Сұр түс. Қызық емес нәрсе. Немқұрайлық.

Қоңыр түс. Жасанды белсенділік.

Қара түс. Қайғылы бір нәрсені еске түсіру, жағдай, қайғылы жағдайды бастан кешіру.

Ашық түстер.

- ашық жасыл: өмір қуанышын сезіну;
- ашық қызыл: қандай да бір жақсылықты күту;
- ашық сары: күтпеген қуаныш;
- сирень түсті: кереметті, ғажайыпты күту.

8 А оқушылардың оқу мотивациясының көрсеткіші жоғары -11%, орташа-67%, төмен- 22%-ы анықталды. «Мен қандаймын?» өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша жоғары- 44%, орташа- 56%-ын құрайды.

8 Ә оқушылардың оқу мотивациясының көрсеткіші жоғары -11%, орташа-67%, төмен- 22%-ы анықталды. «Мен қандаймын?» өзін-өзі бағалау әдістемесі бойынша жоғары- 44%, орташа- 56%-ын құрайды.

Психолог Асылханова Ә.А